**БЕКІТЕМІН**
Алматы облыстық
білім беруді дамыту оқу-
әдістемелік орталығы директоры
_______ А.Кабдулова
«___» _______ 2021 ж.

**«ӘР ГЕОГРАФ – ӨЛКЕТАНУШЫ» жобасы аясында**
**«Өңір систематикасы» атты облыстық сырттай**
**кітапша байқауының**
**ЕРЕЖЕСІ**

**1.Жалпы ережелер**

Педагогтердің облыстық сырттай байқауын (әрі қарай - Байқау) ұйымдастырушы - Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы.

**2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

**Мақсаты:**

Өлке географиясы, оның ішінде жергілікті өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің систематикасын жинақтай отырып, шығармашылық тұрғыда өлкесін зерттеу, терең тану және жарнамалау.

**Міндеттері:**

- Іскерлік қажеттіліктері үшін шығармашылық потенциалын және кәсіби-педагогикалық танымын кеңейту;
- Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы мұғалімнің зерттеу іскерлігін дамыту;
- Шығармашыл педагогтерді айқындау, қолдау.

**3. Байқауға қатысушылар:** жаратылыстану, география пәндері мұғалімдері.

**4. Әділқазылар алқасы міндеттері:**

1. Байқауға қатысушылардың жұмысын қарау және бағалау.
2. Қорытындысын шығару.

**5. Өткізілу тәртібі мен мерзімі:**

Байқау 2 кезеңмен өткізіледі:

1-кезең - аудандық (қалалық). Облыстық кезеңге аудандық (қалалық) кезеңнен өткен 1 үздік жұмыс қатысады.

2-кезең – облыстық. Өткізілу форматы – онлайн.

**6. Жұмысты орындауға қойылатын талаптар:**

1. «Өңір систематикасы» тақырыбында өзінің тұрғылықты жер өсімдіктері мен жануарлары дүниесінің көптүрлілігін жүйелеп, жіктеуі.
2. Кездесетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне жіктеу жүргізіп, таралу арealына байланысты қысқаша сипаттама беруі.
3. Сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің сипатталуы.
4. Сол жерге тән емес жануарлар мен өсімдіктер жіктеуі қабылданбайды.

**7. Кітапша жасау талаптары:**

Жұқа тысты, көлемі 5-48 беттен аспайтын, басылған беттері топталып, тігілген. А5 көлемі сақталуы қажет.

1. Кітапша талаптары сақталынуы қажет.
2. Кітапшалар қағаз және электронды түрде қабылданады.

**8. Бағалаудың негізгі критерийлері:**
- негізгі тақырыпқа сай болуы;
- өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің алуан түрлілігі;
- жіктелудің дұрыстығы;
- фотосуреттердің сапасы;
- таралу ареалының қысқаша сипатталуы;
- кітапшаға қатысты талаптардың орындалуы.

Байқауға қатысу үшін сұраныс (қосымша 1) 2021 жылдың **6 қазанына** дейін облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының tal.metod@mail.ru электрондық адресіне жіберілуі керек.

Байланыс телефоны: 87778373939.

Байқау жеңімпаздары дипломдармен марапатталады.

Байқау қорытындысы туралы ақпараттар облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының www.talmetod.kz сайтына жарияланады.

**(1 қосымша)**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Қатысушының аты жөні; | |
| 2 | Туған жылы | |
| 3 | Аудан | |
| 4 | Мектеп, эл. почта | |
| 5 | Жұмыстың атауы | |
| 6 | Жұмыстың мазмұнына қысқаша түсініктеме | |